<p>Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орында;                      Қазақстан жан басына шаққандағы егістік жер көлемі бойынша әлемде екінші орында;                      1,4 млн га суармалы жердің болуы;                      Қазақстан астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді;                      бос және пайдаланылмайтын жайылымдардың үлкен алаңдары;</p>	<p>азық-түлікті тұтынудың шектеулі ішкі нарығы және экспорттық тауар массасының жеткіліксіздігі;                      АӨК жекелеген салаларының ұсақ тауарлы өндірісінің басым болуы;                      жайылымдар тозуының және шөлейттенуінің жоғары деңгейі;                      арзан көлік дәліздерінен едәуір шалғайлық;                      ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу деңгейінің жеткіліксіздігі;                      сауда-логистикалық инфрақұрылымның және көтерме сауда буынының дамымауы;                      қолданылатын агротехнологиялардың жеткіліксіз деңгейі;                      ауыл шаруашылығы техникасын жаңартудың төмен қарқыны;                      энергиямен жаракталудың төмен деңгейі;                      ғылымның өндіріспен тиісінше өзара байланысының болмауы;                      саланың жоғары капитал сыйымдылығы;                      ауыл шаруашылығына банктік кредит беру деңгейінің төмендігі;                      агробизнес дамуының квазимемлекеттік институттар арқылы қаржыландыруға жоғары тәуелділігі;                      климаттық жағдайлардан жоғары тәуекелдер; жерді пайдалану процестерін бақылаудың пәрменді және тиімді әдістерінің болмауы;</p>

<p>жайылымдық мал шаруашылығының дәстүрлі мәдениеті дамыған;</p> <p>елеулі еңбек ресурстары: ауыл халқының үлесі барлық халықтың 43 %-ын құрайды;</p> <p>ауыл шаруашылығы өнімдерінің кең желісін өндіруге және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін топырақтық-климаттық аймақтардың алуантүрлілігі;</p> <p>ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдық нысандарында көпқұрылымдылықтың болуы;</p> <p>шектес елдерде азық-түлік өнімдеріне өсіп келе жатқан сұраныс.</p>	<p>су ресурстарының шектеулілігі, ағынның 44 % қалыптасуы шектес мемлекеттердің аумағында жүреді;</p> <p>ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымының жеткіліксіз деңгейі;</p> <p>жер ресурстарын қайта бөлудің бүкпесіз тетіктерінің болмауы;</p> <p>ауылдық аумақтардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі;</p> <p>ауыл шаруашылығы өндірісінің кадрлары мен білікті мамандарының жетіспеушілігі;</p> <p>ауыл шаруашылығы өндірісінің ластауға әсерін мониторингтеу және бақылау жүйесінің болмауы;</p> <p>АӨК өнімдерін қадағалап отырудың тұтас жүйесінің болмауы;</p> <p>қоршаған ортаның ластану және топырақ құнарлылығының төмендеу үрдісі;</p> <p>агробизнесті ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету жүйесімен қамтудың төмен деңгейі;</p> <p>АӨК өнімдерін, оның ішінде экспорттық нарықтарға ілгерілетудің кешенді тәсілінің болмауы ;</p> <p>өндірістің импорттық ресурстарының жоғары үлесі;</p> <p>АӨК дамуын жүйелі кешенді талдау мен мониторингтеудің, тәуекелдердің болмауы;</p> <p>агрометеорологиялық болжамның нашар дамуы;</p> <p>субсидияларды бөлу мен мақсатты пайдалануды бақылаудың жетілмеген жүйесі.</p>
<p>Мүмкіндіктер</p>	<p>Қауіптер</p>
<p>ұлттық бәсекелестік артықшылықтарды дамыту негізінде ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру;</p> <p>қазақстандық өнімнің сыртқы нарықтарға шығуы үшін ұтымды географиялық жағдайды пайдалану;</p> <p>органикалық өнім өндірісі мен экспортының жоғары әлеуеті;</p> <p>суармалы жерлердің алаңын ұлғайту және олардың тиімділігін арттыру;</p> <p>ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдық нысандарының көпқұрылымдық ерекшеліктерін есепке алу, ауылдық қоғамдастықтардың заманауи әлеуметтік инфрақұрылымын құру және экологиялық мәртебе-квоны сақтау негізінде АӨК-тің тұрақты дамуы үшін жағдайлар жасау;</p> <p>АӨК-ге шетелдік инвестицияларды тарту үшін үлкен әлеует.</p>	<p>климаттың жаһандық өзгеруінің дәстүрлі агротехнологияларға әсері;</p> <p>халықаралық нарықтардағы, оның ішінде ТМД елдеріндегі бәсекелестіктің өсуі;</p> <p>ауыл және қала тұрғындарының табысы мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріндегі теңсіздіктің өсуі;</p> <p>саланы дамытуды тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі;</p> <p>урбанизацияға байланысты ауыл халқы үлесінің төмендеуі және еңбек ресурстарының жетіспеушілігі;</p> <p>қаржы (инфляция) және валюта (девальвация) нарықтарындағы тұрақсыздық;</p> <p>субсидияларды негізсіз беру.</p>

Сонымен бірге Қазақстанның аграрлық секторының басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай пайдаланылмаған әлеуеті және ұлттық бәсекелестік артықшылықтары бар, олар тиімді аграрлық саясат кезінде оның орнықты дамуын қамтамасыз ете алады және ел экономикасына және халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қоса алады.

### 3. Халықаралық тәжірибеге шолу

#### 3.1. Өсімдік шаруашылығы

Әлемдік тәжірибені шолу барлық дамыған елдерде, бір жағынан, жаһандық климаттық өзгерістердің күн санап өсіп келе жатқан теріс әсері аясында егіншілікті дамытудың тұрақтылығын арттыру, екінші жағынан, экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаны сақтауға бағытталған ресурс үнемдейтін және органикалық технологияларға көшуге бет бұрғанын көрсетеді. Бұл – ең алдымен, әртараптандырудың жоғары деңгейі, нақты егіншілік технологиясына көшу және барлық технологиялық процестерді цифрландыру. Молекулалық биология мен гендік инженерияға негізделген жеделдетілген әдістерді қолдана отырып, өсімдіктердің жаңа сорттарын таңдауға және шығаруға ерекше назар аударылады. Осының арқасында ғылыми ұйымдар әрбір 5-6 жыл сайын ауруларға және стрестік жағдайларға төзімді дақылдардың жаңа жоғары өнімді сорттарын шығарады және практикада қолдану үшін таратады.

Ел аумағында метеостанциялардың кең желісін құру және көпжылдық метеобақылаулар туралы тиісті дерекқорды қалыптастыру есебінен қол жеткізілетін ауа райы жағдайларын болжаудағы дәлдікті арттыру маңызды сәт болып табылады.

Қазіргі уақытта әлемде органикалық өнім өндірісі қарқынды дамып келеді. Оған тұрақты түрде сұраныс артып келеді, ал органикалық өнімдердің әлемдік нарығы оң серпін көрсетуді жалғастыруда. ОАШ жерлерінің алаңдары 71 млн га жетті, бұл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің әлемдік ауданының 1,5 %-ын құрайды.

Әлемдік практика және көшбасшы елдердің (АҚШ, ЕО) органикалық өнім өндіру жөніндегі оң тәжірибесі экономикалық теңгерімсіздік өндірушілерді органикалық болып қалуға ынталандыру шаралары есебінен өтелетінін көрсетеді.

ЕАЭО-ға мүше елдердің тәжірибесі, мәселен, Ресей Федерациясында сертификаттар беру тек зертханалық қорытындылар (БӨКО ФМБМ) негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте инспектор әкетілетін өнімнің фитосанитариялық жай-күйі бойынша шешім қабылдамайды. Импорт кезінде инспектор үлгілерді іріктейді және нәтижелері бойынша міндетті түрде зертханалық сараптамаға жібереді, шешім қабылдайды. "Аргус-ФИТО" ФМАЖ ақпараттық жүйесі енгізілді.

Іс жүзінде барлық елдерде өнім сапасын зертханалық зерттеу ақылы негізде және өнім иесі есебінен жүзеге асырылады.

ЕО деңгейінде TRACES қадағалап отырудың бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді, сондай-ақ ұлттық ақпараттық жүйелер қолданылады.

Шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, карантиндік фитосанитариялық бақылауды ақылы жүргізуге және рұқсат беру құжаттарын ақылы негізде беруге

көшудің елімізде қолданылып жүрген карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізу және рұқсат беру құжаттарын беру жүйесімен салыстырғанда мынадай себептер бойынша артықшылығы бар:

сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ;

түсетін қаражат, оның бір бөлігі бюджетке, ал қалған бөлігі инспекторларды материалдық көтермелеуге, қызметтің материалдық-техникалық базасын жанартуға жұмсалады.

### 3.2. Мал шаруашылығы

Барлық озық елдерде мал шаруашылығын дамыту берік жемшөп базасына негізделеді. Жемшөп дақылдарының ауыспалы егістегі үлесі үлкен.

Мәселен, АҚШ-та егін жинау алаңының 65 %-ын дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алып жатыр, ал жемдік астық жинау азық-түлікке қарағанда 4 есеге көп.

Малдың генетикалық әлеуетін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Жануарлар селекциясы биотехнологияның, геномдық және ДНҚ талдаудың заманауи әдістерін, өсімін молайтудың жеделдетілген әдістерін пайдалана отырып жүргізіледі. Осының арқасында алдыңғы қатарлы елдерде барлық мал басы шоғырланған.

2021 жылғы мамырда ЕАЭО шеңберінде селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты біріздендіру туралы келісім күшіне енді, оны ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттер ратификациялады. ЕАЭО аумағында селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты біріздендіру мақсатында Келісім шеңберінде ЕЭК актілері әзірленді және бекітілді, олар тұқымды байқаудан өткізу, тұқымды айқындау, орын ауыстырылатын асыл тұқымды өнімге (материалға) ДНҚ зерттеу жүргізу бойынша біркелкі жұмыс жүргізуге, асыл тұқымды малдардағы қажетті ақпарат тізбесін жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ сүтті және етті бағыттағы ірі қара мал мен шошқаларды "индекстік бағалау" әдістемесі бекітілді. Көрсетілген құжаттар негізінде ЕАЭО аумағында селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс біріздендіріледі.

Алдыңғы қатарлы елдер, атап айтқанда, ЕО және АҚШ инвестицияларды жоспарлау және мал шаруашылығы мен жайылымдарды басқару саласындағы саясат шараларын әзірлеу кезіндегі экологиялық тұрақтылық пен жасыл өсу қағидаттарын да қамтиды.

### 3.3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу

Дамыған елдер өңдеу саласындағы техника мен технологияларды жаңғыртуды ынталандыру жолымен халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Ресейде өңдеу саласын дамыту ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруді қолдау, инновациялық технологиялар мен ресурс үнемдейтін жабдықтар негізінде техникалық

қайта жарактандыруды және құрылысты жүргізу есебінен қуаттарды жаңғырту және өрістету, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен өңдеушілердің кооперациясын ынталандыру жолымен жүзеге асырылады.

Еуроодақта шикізатты өндірушілер мен қайта өңдеушілер және ауылдық аудандарды дамытудың басқа да бенефициарлары операциялық шығыстарды өте төмен пайыздық мөлшерлемелер немесе ыңғайлы төлем графиктері сияқты өте қолайлы жағдайларда жабу үшін кредиттерді немесе кепілдіктерді пайдалана алады.

АҚШ-та жеке компанияларды еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін жаңа технологиялар базасында ғылыми әзірлемелерді енгізу және жаппай игеру негізінде салаға инновациялар мен құзыреттерді дамыту үшін инвестициялауға ынталандыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сондай-ақ әлемде ауыл шаруашылығы шикізатын өндірушілер, өңдеуші кәсіпорындар мен сауда арасындағы ұзақ мерзімді тұрақты қатынастарды өнімнің өнімділігі мен құнының өсу факторы ретінде нығайту мәселесі өзекті бола түсуде.

### 3.4. Нарықтарды дамыту

Неғұрлым озық елдерді талдау АӨК отандық өнімін өткізуді дамытуға бағытталған мынадай заңдылықтар мен тәсілдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе фермерлердің өткізу тізбегіне табысты қатысудың кепілі өткізу кооперациясы болып табылатынын куәландырады. Бүгінгі таңда Еуропада кооперативтер арқылы өнімнің 70 %-ы, АҚШ пен Канадада 60 %-ы өткізіледі.

Мысалы, Нидерландыда кооперативтер тауарлық сүттің 80 %-дан астамын, барлық көкөністердің, жемістердің 95 %-ын және жүннің 90 %-ын өткізеді. Француз кооперативтері халықаралық нарықта 70 %-ға дейін шарап шығарады және өткізеді, олардың алкоголь мен зәйтүн майын шығаруға қатысуы жоғары. Өткізу кооперативтері тауардың үлкен партияларын қалыптастырады және күні бұрын жеткізу туралы келісімдер жасайды.

Бүкіл өткізу тізбегі бойынша дамыған сауда-логистикалық инфрақұрылым. КТО (КТО желілері) негізіндегі табысты тауар өткізу желілерінің мысалдары Rungis көтерме сауда базары (Париж, Франция), Mercasa көтерме сауда базарлары желісі (Испания) және Bronisze көтерме сауда базары (Варшава, Польша) болып табылады.

Желі 3600 жалға алушының қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, олардың 32 %-ы жеміс-көкөніс өнімдерімен, 12.5 %-ы балық және теңіз өнімдерімен, 8.2 %-ы ет өнімдерімен, 3 %-ы гүл өнімдерімен және 44 %-ы басқа түрлермен айналысады.

Халықаралық стандарттар мен талаптар (СФС шаралары, HACCP, GLP және т.б.) дамыған елдерде (Канада, Аустралия, Жаңа Зеландия) енгізілген, бұл осы елдерде өндірілетін өнімнің сенімділігі мен сапасын арттырады.

Сауда кедергілерін жою жөнінде келіссөздер жүргізу және келісімдер мен басқа да құжаттар жасасу арқылы экспорттаушылардың мүдделерін мемлекетаралық деңгейде ілгерілету дамыған елдердің сауда саясатының ажырамас құрамдас бөлігі болып

табылады. Ең белсенді елдер – АҚШ, ЕО, Аустралия, Канада, Бразилия, Мексика, Жапония.

### 3.5. Ауыл шаруашылығы кооперациясы және АӨК-ті инфрақұрылымдық дамыту

ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінде кооперативтер ауыл шаруашылығы өндірістік-өткізу тізбегінің барлық учаскелерінде болады және барлық мөлшердегі фермерлік шаруашылықтар кооперативтік кәсіпорындарға қатысады. Ауыл шаруашылығы кооперативтері ЕО-да жоғары дамыған: 22000-ға жуық кооператив 6,1 млн астам мүшені біріктіреді, жылдық айналымы шамамен 347 млрд еуроны құрайды. Орта есеппен ЕО-да кооперативтерге фермерлік шаруашылықтардың 57 %-ы, АҚШ-та 92 %-ы қатысады. Аустрияда, Финляндияда, Германияда және Швецияда орташа фермер кемінде екі ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болып табылады. Бұл ЭЫДҰ-ға мүше елдердегі кооперативтерге мамандану тән екенін көрсетеді (мысалы, өткізу, өңдеу, өндіріс құралдарын жеткізу); олар көбінесе екінші және үшінші кооперативтік ұйымдардың (мысалы, одақтар мен федерациялардың) қамқорлығымен жұмыс істейді.

Әлемнің көптеген елдерінде дәл осы кооперативтер ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының негізі болды.

Мысалы, АҚШ кооперативтері фермерлерге отын, минералды тыңайтқыштар, жемшөп жеткізеді, өз мүшелеріне маркетингтік және көліктік қызметтер көрсетеді, ауыл шаруашылығы өнімдерін бөлшек саудада сатумен айналысады.

2017 жылдың соңында АҚШ-та өз өнімдерін кооперативтерге сататын фермерлерге үлкен салықтық преференциялар беретін заң қабылданды. Салықтық шегерімге кооперативке сату сомасының 20 %-ы жатады. Егер фермердің салық салынатын пайдасы кооперативке жеткізудің бестен бір бөлігінен аз болса, онда ол салық төлеуден мүлдем босатылады.

АҚШ-тың ірі жабдықтау кооперативтерінің функцияларына: тұқымдарды, химикаттарды, жанармай мен ветеринариялық препараттарды көтерме сатып алу; құрамажем дайындау, жемдік ингредиенттердің сапасын бақылау, фермаға жемшөп жеткізу; техникалар мен жабдықтарды жөндеу, қосалқы бөлшектерді жеткізу кіреді.

Бүгінгі таңда Канаданың аграрлық секторында 4 млн астам адам мүшесі болып табылатын 1 500-ге жуық кооператив бар. Сонымен қатар, бір фермер қызмет түрлеріне қарай тұтынушылық, қызмет көрсету, өңдеу, аралас болып бөлінетін бірнеше кооперативтердің құрылтайшысы болуы мүмкін. Кооперативтер арқылы 50 %-дан астам астық және майлы дақылдар, 36 % минералды тыңайтқыштар, 21 % құрамажем, 19 % тұқым өткізіледі.

ЕО-да кооперативтерге үлкен қолдау көрсетіледі, өйткені оларды ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың басты факторларының бірі ретінде қабылдайды. Керісінше, ТМД елдерінде, мысалы, агрохолдинг көбіне ауылдық аумақтардың дамуына емес, агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына ықпал етуі мүмкін көрініс айқын көрінеді.



ЕО елдерінде кооперативтік қызметтің маңызды бағыты – фермерлік қожалықтарды өндірістік жабдықтау. ЕО-да сатып алу-жабдықтау кооперативтерінің үлесіне тауар өндірушілерге қажетті өндіріс құралдарын жеткізу көлемінің шамамен 50 %-ы тиесілі. Кооперативтік жабдықтау қызметінің негізі – минералды тыңайтқыштармен және жемшөппен қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта Нидерландыда 2500-ден астам белсенді кооперативтер бар, ал ауыл шаруашылығы мен қаржы ең ірі сектор болып қала береді. Ауыл шаруашылығы айналымының шамамен 70 %-ы кооперативтерде, бұл ЕО-ның орташа деңгейінен 45 % жоғары.

ЕО-ның бірқатар елдерінде кооперативтер фермерлерді тұқыммен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Данияда олардың үлесіне барлық тұқым материалын жеткізудің 35 %-ы, Ирландияда 55 %-ы, Францияда 73 %-ы тиесілі. Айта кету керек, қазіргі жағдайда кооперативтік қозғалыс үшін алуан түрдегі кооперативтердің қызметін әртараптандыру, олардың арасындағы байланыстарды тереңдету, бір кооперативтік ұйым аясында фермерлік қожалықтарға экономикалық қызмет көрсету бойынша бірнеше функцияларды біріктіру үрдістері тән.

Жапонияның фермерлік қожалықтарының аздаған бөлігін қоспағанда, барлық дерлік фермерлік қожалықтар әр ауданда ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүшелері болып табылады. Кооперативтердің функциялары әралуан : өнімді жинау және өткізу, өндірістік материалдар мен тұтыну заттарын сатып алу және сату, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және өткізу бойынша кәсіпорындарды салу және басқару, банктік және сақтандыру операциялары – жинақтарды қабылдау және несиелер беру, өмірді сақтандыру және ауырған жағдайда, ауруханалық және курорттық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

Корея Республикасының жылдық табысы 55 млрд АҚШ долларынан асатын Ұлттық ауыл шаруашылығы кооперативтер федерациясы (NACF) ел фермерлерінің 80 %-ын астамын немесе 2,5 млн адамды біріктіреді.

Израиль ауыл тұрғындарының шамамен 70 %-ы кибуцытар, мошавах шиттуфи, мошавах овдимах сияқты ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрамына кіреді. Кооперативтердің үлесіне өңделетін жердің шамамен 75 %-ы тиесілі, оның ішінде кибуцтардың пайдалануына 41 %-ы, мошавов овдимовтарға 29 %-ы, мошавов шиттуфиларға 4 %-ы тиесілі. Бұл ретте олардың үлесіне елде өндірілетін аграрлық өнімнің 80 %-ға жуығы тиесілі, негізгі өндірістік қорлардың 75 %-ына иелік етеді.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) кооперативтер мен басқа да фермерлік ұйымдардың шағын ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдаудағы шешуші рөлін мойындайды.

3.6. АӨК-ті ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету

Ғылымды көп қажет ететін өнімнің үлесі және ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі ғылымға арналған шығыстар білімге негізделген экономиканың негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Дамыған елдерде ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындардың үлесі ЖІӨ-нің орта есеппен 3 %-ын құрайды (Швецияда – 3,8 %, Финляндияда – 3,5 %, Жапонияда – 3,04 %, Швейцарияда – 2,73 %, АҚШ-та – 2,84 %, Германияда – 2,44 %). Бұл ретте осы шығыстардағы мемлекеттің үлесі орта есеппен 25-34 %-ды құрайды.

Экономикасы дамыған елдерде жан басына есептегенде ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындар: АҚШ-та – 892, Швецияда – 875, Финляндияда – 726, Швейцарияда – 688, Исландияда – 613, Германияда – 580, Данияда – 541, Норвегияда – 479, Францияда – 478, Ресейде – 420 АҚШ долларын, ал Қазақстанда бір адамға 10,27 АҚШ долларын (19 млн адамға 82 млрд теңге) құрайды, бұл АҚШ-қа қарағанда 86,8 есе, Ресейге қарағанда 40,9 есе аз.

Дамыған елдерде жаңа немесе жетілдірілген технологиялардың, жаңа білімдер немесе шешімдер қамтылған өнімдердің, жабдықтардың үлесіне ЖІӨ өсімінің 70-тен 85 %-ға дейіні тиесілі, өйткені технологиялық инновацияларды тұрақты негізде енгізуді Германияда кәсіпорындардың 71,8%-ы, Бельгияда 53,6 %-ы, Эстонияда 52,8 %-ы, Финляндияда 52,5 %-ы және Швецияда 49,6 %-ы, ал Қазақстанда 1 %-дан азы жүзеге асырады.

### 3.7. Жер ресурстары

Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік реттеу әлемнің барлық елдерінде жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, бірқатар елдерде ауыл шаруашылығы жерлерінің бөлінуіне жол бермеу үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын белгілі бір мөлшерден аз учаскелерге бөлуге заңды түрде тыйым салынады, ал басқалары жер латифундиясының дамымауы үшін ауыл шаруашылығы жерлерінің шамадан тыс шоғырлануын шектейді. Көптеген елдер ауыл шаруашылығы алқаптарын сатып алушылардың немесе жалға алушылардың өз меншігін бақылап отыруы үшін көрші тұруын да талап етеді.

Данияда кәсіптік даярлығы бар, 50 жастан аспаған, қажетті капиталы бар жеке тұлға ғана ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану құқығына ие болады.

Көптеген экономикасы дамыған елдердің тәжірибесінде ауыл шаруашылығы жерлері учаскелерінің барынша рұқсат етілетін мөлшерін шектеудің кең таралған практикасы бар. Айталық, Данияда барынша мүмкін болатын алаң – 150 га, бұдан үлкен жер учаскесін тек арнайы рұқсат бойынша ғана сатып алуға жол беріледі (оны алу үшін мұндай жер көлемі өндіріс ерекшелігіне байланысты екенін дәлелдеу қажет). Италияда, Норвегияда, Жаңа Зеландияда және басқа елдердегі ауыл шаруашылығы жерлерінің барынша мүмкін болатын алаңдары бойынша шектеулер бар. Мұндай

реттеуіш Ресей заңнамасында да бар, сонымен қатар табиғи, экономикалық және басқа да факторлардың алуантүрлілігін ескере отырып, өңірлерде РФ-ның әр субъектісі үшін бұл оның заңнамасымен айқындалады.

Жер пайдаланудың ұтымдылығын қамтамасыз ету үшін жер учаскелерінің негізсіз артық ұсақталуы шектелген, себебі бұл учаскелердің фрагментациясына, жоларалықтарға, сыналануға және пайдаланудағы басқа да қолайсыздықтарға алып келуі мүмкін. Тиісті нормалар Испанияның, Италияның, Норвегияның, Германияның және басқа елдердің заңнамасында бар. Ресей заңнамасында жердің жалпы алаңының барынша мүмкін болатын мөлшері сияқты бұл да РФ субъектілерінің заңдарымен егжей-тегжейлі реттеледі.

### 3.8. АӨК-ті цифрландыру

Еуропада Ауыл шаруашылығын цифрландыру бойынша бірінші орынды Германия алады, ол АӨК-ті цифрлық түрлендіру үшін жағдай жасауға ерекше көңіл бөледі. Германияда жиырма жылға жуық уақыт бойы нақты егіншілік пен ақылды ферма жүйелері қолданылуда.

Ирландияның "Smart Farming" мемлекеттік бағдарламасы 2014 жылы іске қосылды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің нақты саласындағы дара кәсіпкерлерге шығыстар мен зиянды шығарындылардың деңгейін төмендететін цифрлық технологиялар мен платформаларды қолданудың әртүрлі нұсқалары ұсынылады. Қазіргі уақытта бағдарламада 1 900 шаруашылық жұмыс істейді. Олардың әрқайсысында үнемдеу 2018 жылы орта есеппен 5 000 еуроны құрады, отын шығыны 10 %-ға төмендеді. Швейцария ғалымдары атап өткендей, смарт-фермерлік тыңайтқыштар мен пестицидтерді барынша азайтып немесе нақты енгізу арқылы ауыл шаруашылығының қоршаған ортаға зиянды әсерін әлсіретеді.

Фермерлер ақпаратты: танаптардан, ауыл шаруашылығы жануарларынан және машиналардан әртүрлі тіркеушілер мен заттар интернеті негізінде дереккөздерден; деректерді сақтау ұйымдарынан; деректерді өңдеу және оларды ақпаратқа айналдыру үшін жасанды интеллект және машинамен оқыту әдістерімен үлкен деректерді талдау (Big Data) негізінде алады. Нақ осы деректер мен ақпарат басқа жерде де, мысалы, ақпарат бақылау және басқару үшін қажет уәкілетті органдар пайдалануы мүмкін.

АӨК-ті цифрландырудағы соңғы тренд тауар өткізетін тізбектердің цифрлық платформаларын құру болды, бұл нарыққа тамақ өнімдерін жеткізуді теңгерімдеуге, өнімнің қадағаланып отыруын (қауіпсіздігін) қамтамасыз етуге, логистика мен делдалдық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

### 3.9. Мемлекеттік қолдау

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жалпы әлемдік практика болып табылады және барлық елдерде қолданылады. Бұл ретте көптеген елдердің басым бағыты әртүрлі экономикалық тетіктерді (өндіріс шығындарын өтеу, бағаларды қолдау,

өндірістік құрылым үшін субсидиялар, әртүрлі бағдарламаларды іске асыру) пайдалана отырып, өндірушілерді жан-жақты қолдау болып табылады. Алайда агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған оның нысандары мен әдістері АӨК-тің даму ерекшелігіне, сондай-ақ әр елдің табиғи-климаттық жағдайларына байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. АҚШ-та ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігі субсидияланады. Ал Еуропа елдерінде субсидиялар ауыл шаруашылығы алқаптарының әр гектарына беріледі. Субтропиктер аймағында орналасқан "Керн тобы" деп аталатын елдер бар, мұнда мемлекет ауыл шаруашылығына мүлдем субсидия бермейді. Сонымен қатар, көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығын жанама қолдау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Бұл – ең алдымен, білім тарату жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар арқылы фермерлерді оқыту. Көптеген елдерде өндірілетін өнімнің сапасын арттыру, ветеринариялық қадағалауды қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу, қоршаған ортаны қорғау, проблемалы аудандардағы өндірісті ынталандыру, шағын шаруашылықтарға табыстың ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылады.

Шет елдердің мемлекеттік субсидиялар құрылымында бағаны қолдауға арналған қаражаттың үлесі ең көп. Нарықтық экономикасы дамыған барлық дерлік елдердегі бағаларды мемлекеттік реттеу жүйесі бағаның қажетті деңгейін ұстап тұру мақсатында тез бұзылмайтын өнімдерді сатып алуға және өткізуге мемлекет қолдау көрсетуге ұмтылатын бағалар мен индикативтік бағаның жоғарғы және төменгі ауытқу шектерін белгілеуді көздейді.

Тұтастай алғанда, әлемдік тәжірибені шолу Қазақстанда экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаны сақтауға бағытталған, ресурс үнемдейтін және органикалық технологияларға көшуге, мал шаруашылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мықты жемшөп базасын құруға алғышарттары бар екенін көрсетеді.

Бұдан басқа Қазақстан өткізу кооперациясын құру және ауыл шаруашылығы үшін инфрақұрылым құру жөніндегі тәжірибені үйренуі, сондай-ақ АӨК-ті мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы және аграрлық ғылымды қаржыландыруды арттыру жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

#### **4. Саланы дамыту пайымы**

**Ескерту. 4-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.03.2023 № 268; 28.02.2024 № 132 қаулыларымен.**

Климаттық өзгерістер, су ресурстарының тапшылығы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және орнықты дамуға қол жеткізу мүмкіндіктеріне тікелей әсер етеді. Климаттың өзгеруі егіншілік дақылының, мал шаруашылығындағы технологияның өзгеруіне алып келеді.

Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстанда су тапшылығының туындау қаупі бар, ал 2050 жылға қарай республика жіті су күйзелісіне ұшыраған мемлекеттердің тізімінде болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді. Атап айтқанда, бұл жағдай агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға көбірек әсер етеді, өйткені кейбір дақылдардың түсімділігі 2030 жылға қарай қазіргі деңгейге қарағанда 9-47 %-ға төмендейді, ал бұл еңбек өнімділігінің көрсеткіштері мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне тікелей әсер етеді.

Аталған тәуекелдерді барынша азайтудың басты факторы "жасыл" технологиялар және ресурстарды тиімді басқаруды, қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртуды және жаңа инфрақұрылымды дамытуды, қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін қысқартудың нақты шараларын қолдану есебінен халықтың әл-ауқаты мен қоршаған орта сапасын арттыруды қамтитын орнықты өндіріс болып табылады.

Сондықтан АӨК-ті дамытудың 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтары мыналар болады:

шикізат өндіру бойынша ауыл шаруашылығының қолда бар елеулі әлеуетін және ішкі нарықтың тарлығын ескере отырып, экспорттық саясаттың шикізаттық бағыттылығынан өңделген өнімге көшу болмақ. Экспорт көлемін ұлғайту есебінен өңдеу салаларының өсуі ауыл шаруашылығының сапалы өсуін және қосылған құнның барлық тізбегі бойынша кірістердің өсуін қамтамасыз етеді;

өндірісті әртараптандыру және ауыспалы егісті сақтау, бұл жоғары рентабельді дақылдардың, оның ішінде жемшөп дақылдарының өндірісіне көшуді және тиісінше жер пайдаланушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру, жер заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды күшейту, танаптардағы өсімдіктердің түрлік құрамын айқындау бойынша жерді қашықтықтан зондтау технологиясы есебінен, сондай-ақ топырақты агрохимиялық зерттеп-қарауды жүргізу тәсілдерін қайта қарай отырып, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру жолымен қарқынды мал шаруашылығын дамытуға көшуді қамтамасыз етеді.

пандемиялық қауіп-қатер жағдайында тамақ өнімдерінің негізгі түрлері бойынша импортты алмастыратын инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету басымдыққа ие болады;

АӨК салаларын техникалық жарактандыруды сапалы арттыру, ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтау, ғылыми қамтамасыз етуді және инновациялық әзірлемелерді енгізуді күшейту, нақты сектордың қажеттіліктеріне сәйкес кадрлық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін қабылдау арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыру;

ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйелерін; ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сақтау жүйесін дамытуды; АӨК-тің қаржылық және сақтандыру инфрақұрылымын дамытуды қамтитын АӨК-тің заманауи инфрақұрылымын дамыту;

АӨК өнімдерінің өнімділігі мен сапасының өсу катализаторы тік және көлденең интеграция резервтерін пайдалану негізінде АӨК басым бағыттары бойынша экожүйелерді дамыту болады.

Халықаралық тәжірибені, сондай-ақ АӨК-ті дамытудағы жаһандық үрдістерді ескере отырып, отандық ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілеттіліктің өсуін және сектордың жаһандық сын-қатерлерге орнықтылығын ынталандыруға бағдарланатын болады. Осы процестерді ынталандыратын заңнамалық база құрылады, мемлекеттік қолдау жүйесінің тиімділігі артып, білімді таратудың тиімді жүйесі қалыптастырылатын болады, бұл ауылдық жерлер тұрғындарының табысын арттыру үшін жағдай жасайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымы бәсекеге қабілеттілікті дамытуға, сыртқы нарықтардың қажеттіліктеріне сәйкес теңгерімділікке және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден барынша пайда алуға негізделетін болады.

Агроөнеркәсіптік сектор реформаларының негізі мыналар болады:

саланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге ілеспе шығыстар саясатын қайта бағдарлау;

өнімділік драйверлері ретінде білім мен цифрландыруға назар аудару;

назарды жекелеген өндірістерден құн жасау тізбектеріне ауыстыру.

Мемлекет бәсекелестікті күшейту, неғұрлым өнімді кәсіпорындарды таңдау және жедел технологиялық жаңартуды қамтамасыз ету есебінен өсуді ынталандыруға мүмкіндік беретін ашық сауда мен инвестицияларға қатысты бейілділік саясатын жалғастырады.

Ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономиканың үлесін қысқарту мақсатында саланы цифрландыру жөнінде шаралар қабылданып, оның ішінде өсімдік шаруашылығындағы қадағалаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ӨАЖ) енгізілетін болады.

#### *4.1. Өсімдік шаруашылығы*

Климаттың өзгеруіне бейімделген жоғары және тұрақты түсімділігі мен рентабельділігі бар орнықты қарқынды өсімдік шаруашылығы құрылады.

Мыналар:

егістік алаңдарының құрылымын әртараптандыру;

отандық өндірістің жоғары сапалы тұқымдарын пайдалануды арттыру;

суармалы жер алаңдарын кеңейту және суарудың су үнемдейтін технологияларын кеңінен енгізу;

машина-трактор паркін жаңарту қарқынын жеделдету арқылы өндіріс факторларын пайдаланудың жоғары экономикалық тиімділігіне қол жеткізіледі.

#### *4.2. Мал шаруашылығы*

Мықты жемшөп базасын, малдың генетикалық әлеуетін құру және жасыл өсу қағидаттары негізінде заманауи технологияларды енгізу негізінде мал шаруашылығын дамытудың тұрақтылығын мыналар арқылы арттыру:

малдың өсімін молайтудың алдыңғы қатарлы технологияларын енгізу.  
Жайылымдық алқаптардың өнімділігін арттыру және жаңа жайылымдарды игеру;

жаңартылған білім беру бағдарламалары негізінде мал шаруашылығы саласы үшін мамандар даярлау;

шағын және орта фермерлік шаруашылықтарды шаруашылық жүргізудің үздік орнықты практикалары мен технологияларына оқыту;

секторда экологиялық мониторингті дамыту, атап айтқанда, парниктік газдар эмиссиялары;

эпизоотиялық саламаттылықты қамтамасыз ету;

мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық нарықтарын дамыту;

жеке ветеринариялық көрсетілетін қызметтер нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

ветеринария саласындағы ақпараттық жүйелерді әзірлеу мен енгізу және процестер мен құжаттаманы автоматтандыру;

ветеринария мамандарының жалақысын көтеру.

Материалдық-техникалық базаны мына жолдармен жақсарту мәселесін пысықтау:

азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазақстандық мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің экспортын сақтау мақсатында ветеринариялық зертханаларға арналған заманауи зертханалық жабдықтар сатып алу;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды қамтамасыз ету мақсатында азық-түлік қауіпсіздігі бойынша сынама алу үшін құралдар, термоқондырғылар, жеке қорғану құралдарын, бейнетіркегіштер, планшеттер сатып алу ;

ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар үшін (ветеринариялық пункттері бар аудандық ветеринариялық станциялар) 695 бірлік арнайы техника сатып алу (инсинераторлар, Комаров дезинфекциялық қондырғысы (КДҚ) бар арнайы автомашина, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы автомашина, ауыл шаруашылығы жануарларын тасымалдауға арналған тіркемесі бар арнайы автомашина және т.б.);

ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар үшін ветеринариялық іс-шараларды жүргізу (сәйкестендіру, қан сынамаларын алу, вакцинациялау және т.б. жүргізу) кезінде ауыл шаруашылығы жануарларын тіркеу үшін мобильді (жылжымалы) бөлгіштер сатып алу;

типтік мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырлар) салу;

ЖАО ветеринариялық дәрігерлері үшін ветеринариялық пункттер салу;

эпизоотиялық салауаттылықты сақтау және жануарлардың аса қауіпті ауруларының енуіне жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық

инспекторлар үшін өткізу пункттерінде ветеринариялық зертханалар мен стационарлық 32 ветеринариялық бақылау бекетін салу арқылы экспорттық нарықтарды сақтау.

Мал шаруашылығы саласын тиімді дамыту мақсатында етті және сүтті мал шаруашылығында, сондай-ақ қой және құс шаруашылығында жол карталары әзірленетін болады.

Мәселен, етті мал шаруашылығында жол картасы шеңберінде отбасылық және оқыту фермаларын (фермерлерді оқыту үшін заманауи технологиялармен жарақтандырылатын модельдік фермалар) құру, асыл тұқымды емес жануарлардың генетикасын жақсарту үшін фермерлерді асыл тұқымды бұқалармен қамтамасыз ету, малды өнеркәсіптік сою тізбегін құру – дайын өнім өндіру – өнімді терең өңдеу, теріні өңдеу, жайылымдарды ұтымды пайдалану, фермерлерді кеңінен оқыту, сиыр еті экспортының тұрақты өсуі үшін нарықтарды игеру бойынша индикаторлар мен іс-шаралар көзделетін болады;

қой шаруашылығында селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс есебінен қойлардың сапасын жақсартуға, отбасылық қой өсіру шаруашылықтарын құруға, жайылымдық алқаптарды игеру жолымен шалғайдағы қой шаруашылығын дамытуға; тері мен жүнді өңдеуге, қой еті мен қозы етінің экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған іс-шаралар көзделетін болады;

құс шаруашылығында іс-шаралар жоғары өнімді және технологиялық кростар (тұқымдар) мен әртүрлі құс түрлерінің будандарын өсіруге, заманауи 2-санаттағы асыл тұқымды шаруашылықтар және ата-енелік табындар құруға, ет және жұмыртқа құстарының өнімділігін арттыруға, салқындатылған ет пен терең өңдеу өнімдерінің көлемін ұлғайтуға бағытталатын болады.

Бұдан басқа селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты жүргізуді мемлекеттік қолдау жолымен селекцияның тиімді әдістерін енгізу, фермерлік шаруашылықтарда жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығындағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты ынталандыру бойынша жұмыстар, қолда бар мал басының сапалық құрамын жақсартуға, өнімді өндіру мен өңдеуге бағытталған жұмыстар жүргізілетін болады.

#### *4.3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу*

Мыналар:

ауыл шаруашылығы шикізатының сапасын арттыру;

өңдеу кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту;

өндірілетін өнім желісін кеңейту;

қалдықсыз өңдеу технологияларын енгізу;

жаңа өндірістер салу арқылы өңдеу өнімдерін өндіру факторларын пайдаланудың жоғары экономикалық тиімділігіне қол жеткізіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытуды ынталандыру үшін салық саясаты қайта қаралатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласын тиімді дамыту мақсатында:



ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жобаларын іске асыруға кредит беру;  
қайта өңдеу кәсіпорындарының айналым қаражатын толықтыруға кредит беру;  
қайта өңдеуге өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерін (жүн, тері, жемістер мен көкөністер) субсидиялау көлемін ұлғайту көзделген Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірленетін болады.

Жалпы қажеттілік ЕДБ, "Бәйтерек" ҰБХ АҚ еншілес ұйымдары және басқа да қаржы институттарының қаражатын тарту есебінен 1,4 трлн теңгені құрайды.

Бастапқы өндірістен неғұрлым жоғары дәрежеде өңдеп-жасалған өнімдерді шығаруға кезең-кезеңмен көшу және агроөнеркәсіптік кешендегі өңделген өнімнің (сүт, ет, майлы дақылдар, күріш, жүгері, қарақұмық) үлесін 70 %-ға дейін ұлғайту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Өңдеушілерді қолжетімді және сапалы шикізатпен қамтамасыз ету үшін өңдеуге тапсырылған ауыл шаруашылығы өнімдерін субсидиялау жалғасатын болады.

Кредит беру, инвестициялық салымдар кезінде шығындардың бір бөлігін субсидиялау арқылы өңдеу өндірістерін құру және жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобалар іске асырылады.

Өндірістің рентабельділігін арттыру мақсатында негізгі және айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттердің көлемі және кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау ұлғайтылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудің экспорттық әлеуетін арттыру үшін жаңа нарықтар ашу жоспарлануда.

Импортты алмастыру және ішкі нарықты азық-түлік тауарларымен толықтыру, сондай-ақ экспорттық әлеуетті дамыту мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының сенім білдірілген өкілі (агенті) арқылы инвестициялық жобаларды (құс еті, сүт өндірісі, суару жөніндегі жобалар, көкөніс сақтау қоймалары, өнеркәсіптік жылыжай шаруашылықтары, етті мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындары, оның ішінде қайта бөлінуі анағұрлым жоғары өндірістер, сондай-ақ өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің басқа да жобалары) қаржыландыру жөніндегі тәжірибесі таратылатын болады.

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығының жалпы өнімін өндіруді 5 жыл ішінде екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін мынадай шараларды қабылдау, оның ішінде:

Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру шеңберінде субсидиялау көлемін рұқсат етілген деңгейге дейін кемінде 2 есеге жеткізу;

кем дегенде 1,5 трлн теңге көлемінде көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жеңілдетілген кредиттеумен қамтамасыз ету (тұқым, тыңайтқыш, пестицидтер, жанар-жағармай материалдарын сатып алуға);

ауыл шаруашылығы техникасын жылына 8-10 % деңгейінде жаңарту мақсатында отандық ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландыру

үшін жеңілдікті лизинг көлемін 450 млрд теңгеге дейін жеткізу жөніндегі мәселелерді пысықтау арқылы ұлғайту (өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімі бар отандық ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары лизингтің нысанасы болып табылады);

инвестициялық жобаларды 800 млрд теңге сомасына, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі бойынша іске асыруды қаржыландыру жөніндегі мәселелерді пысықтау арқылы қабылдау қажет.

Жоғарыда көрсетілген тапсырманы іске асыру үшін индикаторлар мен іс-шаралар лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін бекіте отырып, әрбір өңірге дейін декомпозицияланатын болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және тұқымдарға, минералды тыңайтқыштарға, пестицидтерге, техника мен жабдыққа қол жеткізуді жеңілдету мақсатында субсидияларды АӨК субъектілерінің орнына отандық өндіруші зауыттар мен қаржы институттарына тікелей төлеу жоспарлануда.

Субсидиялау процесін жеңілдету және арзандатылған кредитті АӨК субъектілерінің бірден алуы үшін пайыздық мөлшерлемені тікелей қаржы институттарына субсидиялау.

Бұдан басқа, агроөнеркәсіптік кешеннің құны 5 млрд теңгеден астам ірі зәкірлік импортты алмастыратын және экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларын "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы арқылы қаржыландыру жоспарлануда, ол жыл сайын түпкілікті қарыз алушылар үшін жылдық 7 %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша 20 жылдан аспайтын мерзімге кәсіпорынның өзінің жоба сомасының кемінде 20 %-ымен қатысуымен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландыру көзі 85/15 пропорциясымен бюджет қаражаты және нарықтық қорландыру болып табылады.

#### *4.4. Нарықтарды дамыту*

АӨК-тің отандық өнімін ішкі және сыртқы нарықтарда өткізуді ұлғайту үшін:

сауда-логистикалық инфрақұрылым желісін дамыту;

сыртқы нарықтардағы сауда кедергілерін, оның ішінде мемлекеттік қорғау есебінен жою және өткізу нарықтарын кеңейту;

шетелдік нарықтарда қазақстандық тауарларды ілгерілетумен экспорт географиясын одан әрі кеңейту;

қосылған құны жоғары өнім экспортын ұлғайту;

экспортқа бағдарланған өндірістерге инвестицияларды ынталандыру;

кедендік ресімдеу мен логистикаға байланысты транзакциялық шығындарды қысқарту;

қазақстандық астықты экспортқа жылжыту бойынша "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының қызметін жандандыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

#### *4.5. Техникалық жарақтандыру*

Отандық техника өндірушілер мен дикандардың мүдделерін ескере отырып, мынадай қолдау шаралары мен:

сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасы құнының бір бөлігін инвестициялық субсидиялау бағдарламаларын іске асыру арқылы дикандардың ауыл шаруашылығы техникасын (оның ішінде отандық өндіріс) сатып алуын ынталандыру;

жеңілдетілген кредит беру және лизинг бағдарламаларын іске асыру үшін "Бәйтерек" ҰБХ" акционерлік қоғамының даму институттарын қорландыру;

ауыл шаруашылығы техникасына кредит берудің/лизингтің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау;

тіркелетін ауыл шаруашылығы техникасының бірыңғай электрондық паспортын енгізу арқылы ауыл шаруашылығы техникасының айналымына (сатып алу, лизинг, пайдалану, техникалық жай-күйі) байланысты процестерді есепке алу бойынша бірыңғай интеграцияланған дерекқор құру;

өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы паркіне түгендеу жүргізу іс-шараларын одан әрі іске асыру арқылы ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жылына 8-10 %-ға дейін жеткізу.

#### *4.6. Ауыл шаруашылығы кооперациясы, АӨК инфрақұрылымы*

Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту пайымының негізінде фермерлер, өңдеушілер мен тұтынушылар арасындағы тізбектегі байланыстарды нығайту арқылы қосылған құн тізбектерін дамытуға, сондай-ақ инновацияларды тарату, оқыту, сапаны басқару, экожүйелер деп аталатын нарыққа қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі платформалар мен институттарды дамытуға баса назар аударылады.

Экожүйе – бұл зәкірлі стратегиялық кәсіпорын, әдетте, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеушілер негізінде салалық тізбектер буындарының үздіксіз өзара іс-қимылы.

Экожүйе мыналарды қамтиды:

зәкірлік кәсіпорын (стратегиялық инвестор, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпорны);

зәкірлік кәсіпорынды шикізатпен және жемшөппен қамтамасыз ететін АШТӨ (бордақылау алаңдары, репродукторлар, жылыжайлар және т.б.), ЖҚШ;

өткізу нарықтары (КТО, СЛО, трейдерлер);

дайындаушы ұйымдар, өнімді сақтау жөніндегі объектілер;

тұқымдар, тыңайтқыштар, пестицидтер өндірушілер, техника шығарушылар;

ғылыми және білім беру ұйымдары;

ветеринариялық және фитосанитариялық сүйемелдеу.

Экожүйені құруды сипаттайтын негізгі өлшемшарттар (әрбір экожүйе бойынша жеке айқындалатын болады) мыналар болып табылады:

АӨК өнімдерін өндіру көлемі;

тартылған отбасылық және фермерлік шаруашылықтар саны;

жұмыс орындары.

Ет, жемістер, көкөністер, қант, дәнді, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу бойынша ірі азық-түлік экожүйелері қалыптастырылады.

Зәкірлі кәсіпорындар табиғи-климаттық және экономикалық факторларға сәйкес былайша орналасатын болады:

Солтүстік Қазақстан облысында – қуаты 300 мың тонна астық дақылдарын өндіру және терең өңдеу;

Алматы және Ақтөбе облыстарында – қуаты 15 мың тонна қой еті мен қуаты 20 мың тонна сиыр етін өндіру және өңдеу;

Ақмола, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында – жалпы қуаты 700 мың тонна майлы дақылдар өндіру және өңдеу;

Алматы, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында – жалпы қуаты 204 мың тонна сүт өндіру және өңдеу;

Жамбыл облысында – қуаты 5 мың тонна жемістер мен көкөністер өндіру және өңдеу;

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында – жалпы қуаты 5 мың тонна жеміс-жидек өндіру және өңдеу;

Алматы және Жамбыл облыстарында – жалпы қуаты 150 мың тонна қант өндіру.

Отандық агрофирмаларды ірілендіру, сондай-ақ өзара тиімді шарттарда трансұлттық корпорацияларды белсенді тарту.

Ақпараттық платформада 7 ірі экожүйені қалыптастырудың қадамдық көрінісі, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің сайтында, оның ішінде экожүйелерді құру процесінде іске қосылған және қажетті стейкхолдерлер бойынша ақпаратты ай сайын орналастыру қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің инфрақұрылымы немесе қызмет көрсету саласы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кооперативтері және осы кооперативтердің бірлестіктері негізінде құрылуға тиіс.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың кооперативтерін құрудан бастау керек, олардың үлесіне саланың жалпы өнімінің жартысына жуығы тиесілі. Сонымен қатар ЖҚШ кооперативтері әр ауылдық округте құрылуға тиіс. Бастапқыда 2-3 облыстың 3-6 ауданының 30-60 ауылдық округінде пилоттық кооперативтер құрған жөн.

Мұндай кооперативтің функцияларына:

ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауды, сақтауды, бастапқы өңдеуді, сақтауды, көтерме өткізуді ұйымдастыру;

өзінің ЖҚШ-ның мүшелерін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге қажетті тауарлық-материалдық құндылықтармен – тұқымдармен, тыңайтқыштармен, пестицидтермен, ЖЖМ-мен, құрамажеммен және т.б. қамтамасыз ету;

ветеринария, механикаландыру, мелиорациялау, жемшөп дайындау және т.б. саласында қызметтер көрсету;

жаңа тұқымдарды, сұрыптарды, технологияларды қолдану, заңнамадағы өзгерістер мәселелері бойынша консультация беру;

мемлекеттік қолдау шараларын жеткізу кіруге тиіс.

Екінші кезеңде ЖҚШ кооперативтеріндегідей функциялармен ауылдық аудандар деңгейінде шағын шаруа қожалықтары кооперативтері құрылады. Бұдан басқа, осы кезеңде неғұрлым шағын міндеттерді орындау үшін өңдеу кәсіпорындарын құру, мамандандырылған қызметтер көрсету, мысалы, ветеринария, өсімдіктерді қорғау саласында көрсетілетін қызметтер және т.б. үшін ЖҚШ ауылдық кооперативтерінің аудандық бірлестіктерін құруға кірісу қажет. Аудандық кооперативтерге шағын шаруа қожалықтарының кооперативтері де кіреді.

Үшінші кезеңде облыстар деңгейінде орта және ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер кооперативтерін құру қажет. Осы кезеңде аудандық кооперативтердің облыстық бірлестіктері де құрылады.

Кооперацияны ынталандыру үшін мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары қажет:

кооперативтердің өз мүшелеріне қызмет көрсетуі үшін сатып алатын жабдықтардың құнын инвестициялық субсидиялау;

кооперативтердің өз мүшелеріне көрсететін қызметтерінің құнын субсидиялау;

білімді тарату жөніндегі іс-шараларды бюджеттік қаржыландыру –кооперативтер мүшелерін ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету.

Шағын шаруа және жеке қосалқы шаруашылықтарда және олардың кооперативтерінде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын жаңарту қарқынын жеделдетуге олар сатып алатын қуаты 60 а.к. дейінгі тракторларға және осы сыныптағы тракторлармен агрегатталатын тіркеме/аспалы жабдыққа мөлшерлемесі 50 %-ға дейін жоғарылатылған инвестициялық субсидиялауды қолдануға ықпал ететін болады.

Ауылдық аумақтарды, бірінші кезекте, ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Ауылдық аумақтардың үйлесімді дамуы (инфрақұрылым, бос уақыт, өмір сапасы) да топырақ құнарлылығы, технологиялар, ғылым және субсидиялар сияқты маңызды фактор болып табылады.

#### *4.7. АӨК-ті ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету*

Аграрлық ғылымның әлеуетін:

аграрлық ғылымның танылған шетелдік орталықтарымен толыққанды ғылыми-практикалық ынтымақтастығын жолға қою;

жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдау және білім беру бағдарламаларын аграрлық сектордың сұранысына бейімдеу;

халықаралық тәжірибе негізінде әлеуметтік-экономикалық маңыздылықты ескере отырып, АӨК-ті технологиялық жаңғыртудың басымдықтары мен міндеттерін ғылыми негіздеп белгілеу;

негізгі басымдықтар бойынша АӨК саласындағы қолданбалы зерттеулерді іске асыруды нақты қаржыландыруды қамтамасыз ету:

фермерлерді отандық тұқымдармен қамтамасыз ету, жаңа өнімді сорттарды өсіру және өңдеу;

өсімдік тектес генетикалық ресурстарды сақтау, толықтыру және молықтыру. Ұлттық генетикалық банк құру (65 мың сорт үлгісі);

мал шаруашылығында генетика мен селекцияны дамыту. Жануарлардан алынатын генетикалық ресурстарды сақтау, толықтыру және молықтыру. Биологиялық активтер банкінің құру;

ветеринариялық, фитосанитариялық, карантиндік және тағамдық қауіпсіздік;

аграрлық ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды (ауыл шаруашылығы ЖӨ-сінің кемінде 1 %-ы) ұлғайту;

аграрлық инновациялық белсенділігін ынталандыру;

бизнес тарапынан қолданбалы ҒТБ-ны ерікті түрде бірлесіп қаржыландыру;

қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар нәтижелерін және роялти тетіктерін коммерцияландыру жүйесін дамыту;

қолданбалы зерттеулерді салалық гранттық қаржыландыруды енгізу;

аграрлық ғылыми-зерттеу ұйымдарының, жоғары оқу орындары мен тәжірибелік-өндірістік кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығы тәжірибелік станцияларының инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында ҰАҒББО жарғылық капиталын ұлғайту;

білімді тарату, ҒҒТҚН трансферті және коммерцияландыру жүйелерін, роялти тетіктерін дамыту;

тәжірибелік шаруашылықтар базасында бастапқы тұқым шаруашылығын дамытуды қамтамасыз ету, оның ішінде жабдықтарды жаңарту және аграрлық ғылымды ынталандыру есебінен аграрлық ғылымның әлеуетін ашу.

#### *4.8. Жер ресурстары*

Жерді ұтымды және тиімді пайдалану мақсатында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді алып қою мерзімдерін 2 жылдан 1 жылға дейін қысқарту.

Қазақстан Республикасы азаматтарының меншігінде және жер пайдалануында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ең жоғары мөлшерлерінің нормативтерін әзірлеу.

#### *4.9. АӨК-ті цифрландыру*

Агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық жүйелерінің бәрі агроөнеркәсіптік кешеннің бірыңғай цифрлық (Е-АӨК) платформасын құра отырып біріктіріледі, бұл платформа фермерге агроөнеркәсіптік кешен саласындағы барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді "бір терезе" қағидаты бойынша алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен процестерді автоматтандыру субсидиялар мен көрсетілген қызметтерді электрондық форматта алуға мүмкіндік береді.

"Егістіктен сөреге дейінгі" қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында өсімдік шаруашылығында ақпараттық қадағалау жүйесі (ӨАЖ) енгізіледі.

Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі құрылады, онда мемлекеттік қолдау шаралары тегін негізде көрсетілетін болады.

#### *4.10. Мемлекеттік қолдау*

Өңірлерді мамандандыру схемасы негізінде АӨК-ге мемлекеттік қолдау көрсету кезінде өңірлерді мамандандыру қағидаты қамтамасыз етіледі, ол база ретінде пайдаланылатын болады, оның негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірудің ірі ауқымды аймақтары қалыптастырылады. Бұл табиғи-климаттық және басқа да факторларға байланысты мемлекеттік саясатты әртарапты және неғұрлым тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның кредиттік саясатын қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіледі, ол да мамандандыру схемасын ескеруге тиіс.

Мамандандыру схемасында көзделмеген кез келген басқа өнімдерді өндіруге тыйым салынбайды, бірақ мұндай өндіріс мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылмайды.

Қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын одан әрі дамыту және жетілдіру жоспарлануда. Атап айтқанда:

салық салуды сақтау және одан әрі жетілдіру;

жеңілдетілген кредит беру, лизингтік бағдарламалар көлемдерін одан әрі кеңейту және құралдарын жетілдіру, олардың АӨК субъектілері үшін қолжетімділігін арттыру;

басым дақылдарды өсіруді ынталандыру, астықтың резервтік қорын, жем қорын, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және қолдау үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін жыл сайын 100 млрд теңгеге дейінгі сомаға қаржыландыру жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

жыл сайын 140 млрд теңгеге дейінгі қысқа мерзімді және орта мерзімді бюджеттік кредит шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қаржыландыруды жалғастыру ;

ауыл шаруашылығы жануарларының зиянкестері мен карантиндік объектілеріне, аса қауіпті ауруларына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жалғастыру, мемлекет есебінен білімді тарату, сондай-ақ олардың тетіктерін одан әрі жетілдіру;

АӨК-ті сақтандыру институтын жетілдіру;

субсидиялау тетіктерін жетілдіру және мемлекеттік қолдаудың жаңа нысандарын енгізу;

жаңа өндірістік қуаттар құруды ынталандыру;

аграрлық ғылымды дамыту және АӨК үшін кадрлар даярлау жөніндегі іс-шараларды жалғастыру.

Мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қағидаларға, үлгілік шарттарға, ішкі нормативтік құжаттарға мемлекеттік қолдау алушының банктік құпияны ашуға келісімінің болуын көздейтін тиісті нормаларды енгізу арқылы сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдары мен "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ-ның банктік құпияны құрайтын мәліметтеріне қол жеткізуі қажет. Бұл ретте бұл шарт мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың барлық деңгейлерінде қамтамасыз етілуге тиіс.

## **5. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдемелері**

**Ескерту. 5-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.03.2023 № 268; 28.02.2024 № 132 қаулыларымен.**

АӨК-ті дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының қағидаттары

теңгерімді орнықты даму: тиімді өндіріс, табиғи ресурстарды сақтау және адами капиталды дамыту;

тәуекелдерді есепке алу, аграрлық саясаттың тұрақтылығы мен сабақтастығы, саланы қолдаудың жиынтық әсері;

инклюзивтілік қағидаты: мемлекет ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мөлшері мен ұйымдық нысанына қарамастан нарықтың тең құқылы қатысушылары болуы үшін тиісті жағдайлар жасайды және қолдайды;

нарықтың барлық адал қатысушылары үшін әмбебап жағдайлар жасау;

АШТӨ үшін АӨК-тегі жаңа білімдерге қолжетімділік;

цифрландыру және сапаны бақылау негізінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тетіктерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсылығы.

АӨК-ті дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған басымдықтары азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнім сапасын арттыру;

7 орнықты азық-түлік экожүйесін құру;

қолдау тетіктерін оңтайландыру, бәсекеге қабілетті өнімге бағдарлану;

технологиялық, цифрландыру, экологиялық және адами капиталды дамыту негізінде саланың тартымдылығын қалыптастыру;

АӨК-тің қажеттіліктеріне бағытталған бірыңғай жүйені құру: ғылым → кадрларды даярлау → білімді тарату (зертхана → аудитория → танап);

коммерцияландыру және трансферттеу жүйесін дамыту;

орындаушылар құзыретінің сапасы және олар ұсынатын қойылған міндеттерді шешу тәсілдері негізінде ғылыми зерттеулер мен экстеншнға ресурстарды объективті бөлу;



фитосанитариялық және ветеринариялық қызметті дамыту және нығайту;

АӨК өнімдерін өндіру үшін жер мен суды пайдаланудың тиімді жүйесін қалыптастыру;

ауыл халқы табысын және тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелері деңгейін өсіру, ауыл инфрақұрылымын дамыту;

өндіріс пен өткізудің орнықты тізбектерін құру.

### *5.1. Өсімдік шаруашылығы*

Өңдеуші кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайту, бәсекеге қабілетті өнім экспортының көлемін ұлғайту, мал шаруашылығы саласының жемшөп базасын кеңейту мақсатында өсімдік шаруашылығында нақты әртараптандыру қамтамасыз етіледі, ол монодақылдардың, суды көп қажет ететін дақылдардың (күріш, мақта) алаңдарын оңтайландыруды (қысқартуды) және баламалы жоғары рентабельді дақылдарды (майлы, дәнді-бұршақты, жармалық, жемдік-астық, көкөніс-бақша, жемшөп және т.б.) кеңейтуді көздейді, бұл олардың өндірісін ұлғайтуға жәрдемдеседі.

Нарыққа қазақстандық қатысушылардың үйлестірілген іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі орталықтандырылған жұмыс шеңберінде сыртқы нарықтарға қол жеткізу үшін қазақстандық астықты экспортқа жылжыту бойынша "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының қызметін жандандыру қажет.

Өндірісті әртараптандыру жер пайдаланушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру және жер заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды күшейту есебінен қамтамасыз етіледі.

Бақылауды күшейтуге ғарыш түсірілімдерін толық жазудың шетелдік әдістемесін, танаптардағы өсімдіктердің түрлік құрамын айқындау бойынша жерді қашықтықтан зондтау технологиясын бейімдеу және практикаға енгізу есебінен, сондай-ақ топырақты агрохимиялық зерттеп-қарауды жүргізу тәсілдерін қайта қарай отырып, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру жолымен қол жеткізілетін болады.

Суармалы егіншілікті дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлердің ауданы 2,5 млн га-ға дейін жеткізіледі, сондай-ақ су үнемдеуші суару технологияларын кеңінен енгізу жолымен, оның ішінде инвестициялық салымдар болса, шығындарды техниканы шығарылған ел бойынша бөлмей, 80 % субсидиялау есебінен (30 % жергілікті бюджеттен) су ресурстарын үнемдеу қамтамасыз етіледі, суармалы жерлерге мониторинг жүргізу арқылы материалдық-техникалық базаны жақсарту және олардың қызмет аймағын кеңейту жолымен гидрогеологиялық-мелиорациялық қызметтің жұмысы жетілдіріледі.

Тыңайтқыштарды қолдану көлемін ұлғайту мақсатында минералдық тыңайтқыштардың құнын субсидиялау бойынша мемлекеттік қолдау жалғасады, сондай-ақ өнеркәсіптік өндірістің органикалық тыңайтқыштарын сатып алуды

субсидиялау енгізіледі, минералдық тыңайтқыштарды өткізу желісі дамиды, отандық өндіріс тыңайтқыштарының түр-түрі кеңейтіледі. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеме көрсететін ақылы қызмет түрлеріне тарифтерді белгілеу жөніндегі функциясы заңнамалық түрде бекітіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі түрлерінің тұқыммен қамтамасыз етілуінің төмендеу проблемасының бар екенін, сондай-ақ кейбір дақылдардың (рапс, қант қызылшасы және көкөніс дақылдары бойынша тапшылық 90 %-дан асады) отандық тұқымдармен қамтамасыз етілу пайызының төмен екенін ескере отырып, тұқым шаруашылығында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді отандық өндірістің жоғары репродукциялы тұқымдарымен қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын, тұқым тазарту-сұрыптау жабдығын сатып алу кезінде субсидиялау нормативтерін 80 %-ға дейін арттыру көзделген бірқатар шаралар қабылданады. Бұл мемлекеттік қолдау шаралары қызметін "Тұқым шаруашылығы туралы" Заңға сәйкес жүзеге асыратын барлық элиталық тұқым өсіру шаруашылығына және тұқым өсіретін шаруашылықтарға қолжетімді болады.

Отандық тұқым шаруашылығын дамыту мақсатында отандық тұқым сорттары мен гибридтерін сатып алған кезде жоғарылатылған субсидиялау көзделеді.

Отандық селекция сорттарын жеделдетіп көбейту, сұранысты қалыптастыру есебінен тұқым өндірушілерді ынталандыру мақсатында тұқым санаттары бойынша егіс алқаптарын субсидиялау үлесі қайта қаралатын болады.

Сондай-ақ тұқым шаруашылықтарының үйлесімді желісі құрылады.

Өсімдік шаруашылығында қадағалаудың ақпараттық жүйесі (ӨАЖ) енгізілетін болады, онда тұқым шаруашылығын, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді, сақтауды, есепке алуды және өткізуді цифрландыру мен автоматтандыру қамтылатын болады, сондай-ақ мемлекет ішінде де, өнім импорты шеңберінде де "сұр" схемаларды қоспағанда, өткізілетін өнімді бақылау мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Материалдық-техникалық жарақтандыруға қаражат бөлу есебінен сортты сынау желісі халықаралық деңгейге дейін жаңғыртылады және заманауи ДНҚ-жабдықтарымен жасақталатын болады, бұл мемлекеттік сортты сынаудың тиімділігі мен сапасын арттыру есебінен өнімділігі жоғары сорттарды ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізуге мүмкіндік береді.

Бұған суару техникасын өндіру бойынша қазіргі уақытта іске асырылып жатқан жоба да бағытталатын болады.

Ауыл шаруашылығы техникасының барлық санаттарына қатысты бірыңғай құндық лимиттерді белгілей отырып, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялау кезінде бірыңғай тәсіл қамтамасыз етілетін болады.

Инвестициялық субсидиялар шеңберінде шекті құн лимиттерін қайта қарау және өзектендіру оларды көптеген алушылар, оның ішінде шағын шаруашылықтар үшін қолжетімді етеді.

Органикалық егіншілікке көшуге негізінен өндіріске "жасыл" технологияны енгізу, органикалық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың биологиялық әдістерін қолдану есебінен қол жеткізілетін болады.

Органикалық ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі жол картасы бекітіледі. Экспортқа бағдарланған экологиялық таза ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі пилоттық бағдарлама Алматы және Жамбыл облыстарында іске асырылуда.

Фитосанитариялық қауіпсіздік фитосанитариялық өңдеудің далалық іс-шараларын мониторингтеу, болжау, ұйымдастыру және жүргізу, қызмет құрылымын реформалау, сондай-ақ фитосанитариялық жағдайды бақылау және бағалау, мемлекеттік органдардың азық-түлік және фитосанитариялық қауіпсіздік, өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы инспекторлары мен АӨК қатысушыларының құзыретін арттыру жүйелерін қайта құрылымдау есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Көкқасқа шегірткеге қарсы өңдеудің уақтылы жүргізілмеуіне байланысты тәуекелдерді жоққа шығару, олардың таралуына байланысты шығынның алдын алу мақсатында көкқасқа шегірткеге қарсы өңдеу жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік монополияға ауыстыру жүзеге асырылады, сондай-ақ "Фитосанитария" РМК-ны қажетті материалдық және техникалық құралдармен толық жарақтандыру жөнінде шаралар қабылданады, бюджет қаражаты есебінен күрес жүргізілетін зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен күрес тізбесін айқындау тұрғысынан Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті көзделетін болады.

Ел аумағында жалған және тіркелмеген пестицидтер айналымының жолын кесу мақсатында осындай пестицидтерді алып қою және жою тәртібін регламенттеу, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Отандық агроөнеркәсіптік кешен үшін жағдай жасау мақсатында өсімдік шаруашылығының жекелеген бағыттарын дамыту жөніндегі, оның ішінде әртараптандырудың төмен деңгейінің, селекциялық жұмыстың және тұқым шаруашылығы жүйесінің артта қалуының, отандық селекцияның тұқымдарымен қамтамасыз етілмеуінің, топырақ құнарлылығының нашарлауының, су үнемдеуші технологияларды суаруда қолданудың, саланың техникалық және технологиялық жарақтандырылуының және т.б. проблемаларын шешуге бағытталған егжей-тегжейлі жол карталары әзірленетін болады.

Өңірлік ерекшеліктер мен нарық сұранысын ескере отырып, әртараптандыру жөніндегі жоспарлар жергілікті атқарушы органдарға жеткізілетін болады, олар өз кезегінде осы жоспарларды орындау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

Мемлекеттік қолдау көлемін ұлғайту, заманауи технологияларды енгізу жөніндегі шаралармен бірге әртараптандыру бойынша қабылданған шаралар салада өндіріс көлемін ұлғайту, өндірілетін өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасы мен түсімін арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, оларды отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын жүктеу және мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту алғышарттарын жасайды.

Ғылыми негізделген ауыспалы егістерді сақтау мақсатында техникалық мүмкіндіктер іске асырылып, ғарыш мониторингінің көмегімен алқаптардан алынған мәліметтерді растау жөніндегі міндеттемелер көзделетін болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың және өткізудің толыққанды желісін құруда жеке нарыққа жәрдемдесу жөніндегі мандатты, сондай-ақ бағаның өсуін тежеу үшін интервенцияны жүзеге асыруды көздейтін "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жаңартылған стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың және өткізудің толыққанды желісін құруда жеке нарыққа жәрдемдесу шеңберінде "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен қайта өңдеуші кәсіпорын арасында шикізат пен дайын өнімге баға белгілеу жөніндегі міндетті шартпен шикізатты (күнбағыс тұқымы, күріш және қарақұмық) үшжақты форвардтық сатып алуды енгізу жоспарлануда.

Бұл схемада қолжетімді шикізатпен (қарақұмық, күнбағыс, күріш) жүктеу арқылы өңдеу кәсіпорындарының әлеуеті ашылатын болады.

Азық-түлік бағасының өсуін тежеу мақсатында "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы астықтың түсімі нашар болған жылдарда және баға маусымдық өскен кезде ұн тарту кәсіпорындарына, мал шаруашылығы мен құс шаруашылықтарына арзандатылған астық өткізу арқылы тауарлық интервенцияларды пайдаланатын болады.

## *5.2. Мал шаруашылығы*

Ауыспалы егісте азықтық дақылдардың үлес салмағын арттыруға өсімдік шаруашылығын әртараптандыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде қол жеткізіледі.

Селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты жетілдіру үшін жануарлардың ДНҚ-талдауы мен геномдық бағалау әдістемесі өндіріске кеңінен енгізілетін болады.

Дамыған елдердің тәжірибесін пайдалана отырып және бұл процеске стратегиялық трансұлттық компанияны тарта отырып, етті мал шаруашылығын жедел дамыту жөнінде жүйелі шаралар қабылданады.

Мал шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру, экологияға әсерді азайту мақсатында су және биоресурстарды сақтауға бағдарланған инвестицияларды қолдауға арналған мемлекеттік шығыстардың үлесі біртіндеп ұлғаятын болады.

Фермерлерді оқытудың ауқымды бағдарламасы жүргізіледі және жануарларды күтіп-бағу мен күту, тиімді азықтандыру мен азықтарды дайындау, селекция мен жасанды ұрықтандырудың заманауи әдістері, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту, жайылымдарды тұрақты басқару және басқа да сұранысқа ие практикалар бойынша шаруашылық жүргізудің озық әлемдік практикалары мен технологияларын енгізу үшін консультациялық қолдау көрсетіледі.

Тозған жайылымдарды қалпына келтіру оларды түбегейлі және жер бетін жақсарту, мал жаю практикасын жақсарту және пайдаланылмайтын жайылымдық алқаптарды суландыру арқылы айналымға тарту есебінен мемлекеттік ынталандырудың қолданыстағы шараларын одан әрі жетілдіру және осы іс-шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа тәсілдерді қолдану жолымен жүзеге асырылатын болады.

Мал шаруашылығы өнімінің экспортын дамыту үшін кедергілерді алып тастау мақсатында бір жағынан, мемлекеттік қолдау күшейтіледі, ал екінші жағынан, ет саласына қаражат инвестициялауға ниет білдірген стратегиялық трансұлттық компанияның мүмкіндіктері барынша пайдаланылатын болады.

Импортқа тәуелділікті төмендету мақсатында тауарлық сүт фермалары желісін және құс етін өндіру жөніндегі қуаттарды дамыту бойынша басталған жұмыс жалғасады.

Ветеринария саласында ветеринария жүйесіне реформа жүргізіледі. Атап айтқанда, жеке ветеринариялық қызметтер нарығын дамыту үшін жағдай жасалады. Мемлекеттік басқару деңгейлері (орталық, өңір) арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату жоспарлануда. Сонымен қатар, мал дәрігерлерінің жауапкершілігі мен жалақысы, сондай-ақ кадрлар даярлау артады.

Ветеринария саласындағы процестерді цифрландыру, деректерді жинау мен беруді автоматтандыру жүргізіледі.

Отандық мал шаруашылығын дамыту үшін жағдай жасау мақсатында етті және сүтті мал шаруашылығын, қой шаруашылығын, құс шаруашылығын, сондай-ақ мал шаруашылығының басқа да бағыттарын дамыту бойынша берік азықтық базаның, тұқымдық түрлендірудің және т.б. проблемаларын шешуге бағытталған шараларды қамтитын егжей-тегжейлі жол карталары әзірленеді.

### *5.3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу*

Етті, сүт пен астықты терең өңдеу басым және перспективалы бағыттарға айналады.

Өңдеуші кәсіпорындарды сапалы және қолжетімді шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесі кеңейтіледі, мұндай өнімдерді тапсырған фермерлерге субсидиялар төленеді.

Шикізат сатып алу үшін қайта өңдеу кәсіпорындарын қолжетімді кредиттік ресурстармен қамтамасыз ету үшін қайта өңдеу кәсіпорындарына жеке бағыт көзделетін болады.

Қайта өңдеу өндірістерін дамыту үшін басым бағыттар бойынша жеңілдікті кредиттік ресурстар бөлінеді.

Қайта өңдеу кәсіпорындары үшін инвестициялық шығындарды, кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін, қайта өңдеуге сатып алынатын ауыл шаруашылығының жекелеген шикізат түрлерінің, оның ішінде неғұрлым терең өңделген өнімдерінің құнын субсидиялау жалғастырылады.

Инвестициялық субсидиялау шеңберінде қаржыландырылатын бағыттардың тізбесі кеңейтілетін болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін неғұрлым терең өңделген өнімдерін шығаруды ынталандыруға көшу үшін субсидиялау нормативі жоғары дәрежеде өндеп жасалған өнімдер өндіруге арналған жаңа инвестициялық субсидиялау паспорты әзірленетін болады.

Өткізу нарығын қамтамасыз ету үшін сыртқы нарықтарда жаңа өткізу нарықтарын ашу, қазірдің өзінде ашық елдерде экспортталатын тауарлар номенклатурасын кеңейту бойынша белсенді жұмыс жалғасады.

#### *5.4. Нарықтарды дамыту*

Көтерме-тарату орталықтарын (КТО) және көкөніс қоймаларын салу есебінен азық-түлікті сақтау және бөлу инфрақұрылымын дамыту қамтамасыз етіледі. Жалпы ұлттық тауар өткізу жүйесі шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдана отырып, КТО желісін құру жоспарлануда.

Сауда кедергілерін жою, ветеринариялық және фитосанитариялық талаптарды келісуге әлеуетті импорттаушылармен, шетелдік әріптестермен келіссөздер процестерін жандандыру, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың (ДСҰ, ХЭБ, ӨКҚХК, Codex Alimentarius, FiBL және IFOAM комиссиялары) жұмысына қатысу есебінен қол жеткізілетін болады.

Халықаралық сапа стандарттарын енгізу және сертификаттау жөніндегі жұмыс жалғасады.

#### *5.5. Техникалық жабдықтау*

Ауыл шаруашылығының техникалық паркін жаңарту қарқынын жеделдету ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру есебінен, оның ішінде инвестициялық субсидиялау бағдарламасының қолданыстағы паспорттарында ауыл шаруашылығы техникасын субсидиялаудың құндық лимиттерін өзектендіру, ауыл шаруашылығы техникасының отандық өндірісін оқшаулау үлесін ұлғайту, отандық өндіріс техникасына жеңілдікті кредит беру бағдарламаларын дамыту және кеңейту арқылы жүзеге асырылатын болады.

#### *5.6. Ауыл шаруашылығы кооперациясы және АӨК инфрақұрылымы*

Ұйымдасқан шаруашылықтар кооперациясының екі тетігі: көлденең кооперация және тік (зәкірлік) кооперация өндіріс тиімділігін арттырудың түйінді құралы болып

табылады. ЖҚШ кооперацияға ЖК, ШҚ, ФҚ нысандарында кәсіпкерлік субъектілері ретінде қатыса алады.

Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуға 7 жыл ішінде отбасы мүшелерін ескергенде 1 млн-нан астам ауыл тұрғыны қамтылып, кооперативтік кәсіпкерлікке барлық жеке қосалқы шаруашылықтардың жартысы тартылып және 350 мыңнан астам, оның ішінде маусымдық және уақытша жұмыс орындары құрылып, 1 трлн теңге жұмсалатын болады. Жеке қосалқы шаруашылықтар кооперациясын ынталандыру, оның ішінде "Ауыл аманаты" бағдарламасын одан әрі іске асыру шеңберінде жүргізілетін болады. Сондай-ақ бағдарламаға қатысушылардың өткізу нарықтарына қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте өңірдің мамандануына қарай ӘКК жергілікті атқарушы органмен бірлесіп, әрбір ауылдық округ үшін үлгілік бизнес-жоспарлар әзірленетін болады.

Кооперацияны дамытуда кооперацияны дамыту орталықтары маңызды рөл атқарады, олардың функцияларына кооперативтерді әлеуметтік, экономикалық, мәдени қолдау, оның ішінде оларды тұрақты, толық қолдау және кооперативтерді сүйемелдеу кіретін болады.

#### *5.7. АӨК-ті ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету*

Аграрлық ғылыми зерттеулерді жеткілікті түрде жыл сайын мемлекеттік қаржыландыру қамтамасыз етіледі (ауыл шаруашылығы ЖӨ-сінің кемінде 1 %-ы).

АӨК технологиялық жаңғыртудың басымдықтары мен міндеттерін айқындаудың тұрақты жұмыс істейтін кәсіби жүйесі – АШМ Ахуалдық орталығы құрылады.

"AgriTech" платформасын сүйемелдеу бойынша АӨК-те технологиялық құзыреттер орталығы іске қосылады.

АӨК-тегі ҒҒТҚН-ы коммерцияландыру жүйесі дамитын болады.

АӨК субъектілерін жоғары қамти отырып, білім таратудың ұлттық жүйесі құрылады.

ЖОО, ҒЗИ, АШТӨ және ТӨШ инфрақұрылымын жаңғырту жүзеге асырылады.

Заманауи технологияларды қолданатын АӨК субъектілері үшін ынталандыру жүйесі әзірленеді.

ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының мазмұны мен инфрақұрылымы, оның ішінде шетелдік жетекші университеттермен және агробизнеспен әріптестікте жаңғыртылатын болады.

Үш саты (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының құны тиісті бағдарламаларды іске асыруға жұмсалған нақты шығындарға сүйене отырып, тұрақты негізде түзетілетін болады.

Әрбір колледж үшін АӨК саласындағы құзыреттерді жаңғырту бағдарламасы әзірленіп, іске асырылатын болады. Колледждер мен университеттердің білім беру

бағдарламалары үндестіріледі, университеттерден құзыреттерді колледждерге беру тетігі кеңейтіледі.

Бастапқы тұқым шаруашылығының отандық жүйесі дамитын болады.

Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы вертикалды интеграцияланған агротехнологиялық хабқа айналады және оның даму стратегиясы бекітіледі.

### *5.8. Жер ресурстары*

Жер заңнамасы жер учаскелерін беру тәртібінің рәсімдерін оңайлату, жер қатынастары саласындағы қызметтерді цифрландыру арқылы қызмет алушылардың мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимылын барынша азайту, бос жер учаскелері туралы мәліметтерге қол жеткізу бойынша жетілдіріледі.

Орталық уәкілетті органға жер қатынастары саласындағы құрылымдардың қызметін үйлестіру және басқару жөніндегі функция бекітілетін болады.

Жер ресурстарының сапалық жай-күйін талдау және жер ресурстарын басқарудың тиімді жүйесі жөніндегі мамандандырылған қызметтерді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып, Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрамында топырақты және геоботаникалық зерттеу, жер мониторингі және материалдық-техникалық базасы бар топырақ бонитетін айқындау жөніндегі функцияларды беру жолымен шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын түрінде бейінді кластерлік топырақ қызметін құру ұсынылады.

Бұл ретте Жерді қашықтықтан зондтау әдістерін енгізуді және мемлекеттік органдардың геоақпараттық жүйелерінде пайдаланылатын мемлекеттік жер кадастрының деректерін цифрландыруды ескере отырып, топырақ жамылғысының шөлейттенуі мен эрозиясына қарсы заманауи талдау және күрес әдістемелері енгізіледі.

АӨК субъектілерінің ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалану жөніндегі міндеттемелерді орындау мониторингін цифрландыру пысықталатын болады.

Ол үшін ауыспалы егіс схемасын көрсете отырып, шаруашылық танаптарының картасына мониторинг жүргізіледі. Фермерлердің мұндай міндеттемесі олардың жауапкершілігін күшейтуге және ауыспалы егісті сақтауға мүмкіндік береді, бұдан басқа электрондық форматтағы жүктеме ауыл шаруашылығы дақылдары егістерінің кезектесуін қадағалауға және жоғары рентабельді және азықтық дақылдар үлесін ұлғайта отырып, ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыруға мүмкіндік береді.

### *5.9. АӨК-ті цифрландыру*

Өсімдік шаруашылығы өнімін қадағалаудың толық тізбегін құру мақсатында тұқым шаруашылығын, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді, сақтауды, есепке алуды және өткізуді цифрландыру мен автоматтандыруды, сондай-ақ мемлекет ішінде де, өнім импорты шеңберінде де "сұр" схемаларды қоспағанда, өткізілетін өнімнің қауіпсіздігін қамтитын, сондай-ақ АШЖБ үлгісі бойынша өсімдік шаруашылығындағы қадағалаудың жаңа ақпараттық жүйесі (ӨАЖ) бағасында өсімдік шаруашылығы өндірісі объектілерін паспорттау жүйесін әзірлеу және енгізу жөніндегі жоба іске



асырылатын болады. Өсімдік шаруашылығындағы қадағалаудың ақпараттық жүйесін (ӨАЖ) әзірлеуге және техникалық қолдауды бірінші жылын бекеттердегі фитосанитариялық инспекторлар үшін планшеттер сатып алуға шамамен 930 млн теңге салынатын болады.

Бұдан басқа, өнімнің қозғалысын оңайлату және карантинге жатқызылған және ветеринариялық өнімдерді тексеру мен қарап-тексеру процестерінің ашықтығы мақсатында өсімдік шаруашылығындағы қадағалаудың ақпараттық жүйесі (ӨАЖ) шеңберінде ТБЖ – тәуекелдерді басқару жүйесі іске асырылатын болады. Ол машиналық оқытудың көмегімен өткізілетін өнімді тексеру мен қарап-тексерудің жиілігі мен дәлдігін анықтауға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы бағыттарында "нақ" ауыл шаруашылығын енгізу бойынша жұмыс жалғасады және "цифрлық" фермалар жобасын елдің барлық өңірлерінде тарату міндеті қойылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен процестерді автоматтандыру субсидиялар мен көрсетілетін қызметтерді электрондық форматта алуға мүмкіндік береді. Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі құрылады, онда мемлекеттік қолдау шаралары тегін негізде көрсетілетін болады.

"Цифрлық" шаруашылықтар үшін кадрлардың қажет болуына байланысты проблемаларды шешу жөніндегі жұмыс жалғасады. Бастапқы кезеңде қазіргі аграрлық мамандықтардың оқу бағдарламаларына заманауи пәндер енгізіледі, ұзақ мерзімді перспективада "агроинформатик", "аграрлық кәсіпорынның әкімшісі", "смарт-жылыжай операторы", "агродрон инженері" және т.б. сияқты жаңа мамандықтарды енгізу жоспарлануда.

Мемлекеттік қолдау шараларын цифрландыру шеңберінде барлық бизнес-процестерді автоматтандыру және мемлекеттік қолдау шараларын тек электрондық форматта көрсетуді қамтамасыз ету жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығын цифрландырудың кешенді тәсілін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешеннің бірыңғай цифрлық платформасын (Е-АӨК) құру мақсатында ауыл шаруашылығындағы барлық қолда бар ақпараттық жүйелерді біріктіру жоспарлануда.

Агроөнеркәсіптік кешеннің бірыңғай цифрлық платформасын (Е-АӨК) құру ауыл шаруашылығында "егістіктен сөреге дейін" қадағалаудың толық циклін, саланың ашықтығын, фермер үшін "бір терезе" және уәкілетті органдар үшін бірыңғай "жұмыс орнын" құруды, субсидиялау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін нивелирлеуді, ақпараттық қауіпсіздікті, дербес және құпия деректердің қорғалуын, ветеринариялық және карантиндік қауіпсіздікті күшейтуді, функциялардың қайталануын жоққа шығаруды, өндірістік шығындар мен әкімшілік шығыстарын азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық жабдықтың жұмыс қағидаттарын егжей-тегжейлі көрсете отырып, "Нео Номад" іскерлік ойыны форматында тренингтер өткізілетін болады. Оның барысында "цифрлық" ферманы жобалау, цифрлық жаңғырту және шығындарды азайту бойынша есеп-қисаптар жүргізу, сондай-ақ сатып алынған жабдықтың өтелу мерзімін анықтау міндеті қойылады.

#### *5.10. Мемлекеттік қолдау*

Қолданыстағы салық преференциялары сақталады. Жеңілдікті кредит беруді кеңейту бойынша, оның ішінде импортты алмастыратын және экспортқа бағдарланған құны 5 млрд теңгеге дейінгі инвестициялық жобаларды іске асыруға АӨК субъектілерін қаржыландыру үшін "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ-ның жарғылық капиталын 2024 – 2025 жылдарға жыл сайын 30 млрд теңгеге дейін және "ҚазАгроҚаржы" АҚ-ның жарғылық капиталын 2023 жылы 20 млрд теңгеге дейінгі мөлшерде, кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, жемшөп дайындау техникасын және мобильді суару жүйелерін сатып алуды қаржыландыру үшін 2024 – 2025 жылдарға 30 млрд теңгеге дейін кейінен ұлғайта отырып, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру үшін "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ-на инвестициялық жобаларға 40 млрд теңгеге дейінгі ұзақ мерзімді бюджеттік кредит бөлу және кредиттік серіктестіктер желісін дамыту жолымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның даму институттары арқылы, лизингтік бағдарламалардың және қазақстандық өндірістің әрқилы ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру және (немесе) кейіннен лизингке беру үшін құрастыру үшін 2023 – 2025 жылдары "ҚазАгроҚаржы" АҚ-ның жыл сайын 30 млрд теңгеге дейінгі мөлшердегі ұзақ мерзімді бюджеттік кредитінің жаңа бағыттарын әзірлеу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Кепілдікті қамтамасыз ету ретінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алу құқығын пайдаланудың жаңа тетіктерін әзірлеу және енгізу есебінен кредиттік ресурстардың қолжетімділігі артады.

КТО желісін дамытумен форвардтық сатып алу көлемі бірінші кезекте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары есебінен кеңейтілетін болады.

Зиянкестермен және карантиндік объектілермен, сондай-ақ жануарлардың аса қауіпті ауруларымен күрес жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көлемі мен тізбесі елдегі және шектес мемлекеттердің шекара аймақтарындағы қалыптасқан фитосанитариялық және эпизоотиялық ахуал ескеріле отырып реттелетін болады.

Аграрлық ғылымды дамыту оны қаржыландыру деңгейін ауыл шаруашылығы ЖӨ-сінің кемінде 1 %-ына арттыру есебінен қамтамасыз етіледі.

Білімді тарату жөніндегі жұмысты дамытуға және одан әрі жетілдіруге оның жаңа ұлттық жүйесінің жұмыс істеуін құру есебінен қол жеткізіледі.

АӨК субъектілері арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту есебінен сақтандыру институты дамиды, ал оны жетілдіру – сақтандыру өнімдерінің санын кеңейту есебінен дамиды.

Субсидиялау тетіктерін дамыту мен жетілдіруге мыналардың есебінен қол жеткізілетін болады:

ауыл шаруашылығын технологиялық қайта жарактандыруды ынталандыру, инновацияларды енгізу құралдарын жетілдіру есебінен мемлекеттің өнеркәсіптік саясатымен өзара байланыстыру;

субсидиялау тәртібі мен тетіктерін олардың ашықтығын, шағын және орта шаруашылықтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан өзгерту;

нормативтік базаны нығайту, тиімді жоспарлау және мониторинг жүйесін енгізу;

субсидиялаудың қолданыстағы бағыттарын оңтайландыру;

субсидиялар алу рәсімдерін оңайлату және цифрландыру;

субсидиялардың кейбір түрлері бойынша белгіленген индикаторларға қол жеткізу бойынша қарсы міндеттемелер қабылдау;

нақты басымдықтар мен өлшенетін индикаторларды айқындай отырып, субсидияларды беруге және нысаналы пайдалануға жауапты бірыңғай органды айқындау;

алдағы жылға субсидиялау үшін қаржы ресурстарының қажетті көлемін жоспарлау тетіктерін енгізу және оларды мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерімен байланыстыру.

Жаңа өндірістік қуаттарды құруға инвестициялық субсидиялау тетіктерін жетілдіру, кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, қарыздарды кепілдендіру және сақтандыру, жеңілдікті қаржыландыру құралдары мен субсидиялау бағыттарын кеңейту, кредиттік серіктестіктер жүйесін институционалдық дамыту арқылы қол жеткізілетін болады.

Тұжырымдаманы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен басым тәртіппен іске асыру кезінде мемлекеттік органның және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларында көрсетілген индикаторларға/көрсеткіштерге қол жеткізуге қаражат бөлінеді.

Басқа іс-шараларға қаражат экономиканың дамуын және бюджеттің кіріс базасын ұлғайту әлеуетін ескере отырып бөлінеді.

## **6. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер**

**Ескерту. 6-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.03.2023 № 268; 28.02.2024 № 132 қаулыларымен.**

Нысаналы индикаторлар:

1) ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 2020 жылмен салыстырғанда 3 есеге арттыру;

2) 2030 жылы бидай түсімі – 20 ц/га;

- 3) 2030 жылы ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейі – 10 %;
- 4) 2030 жылы отандық тұқыммен қамтамасыз ету деңгейі – 80 %-ға дейін;
- 5) 2030 жылы минералды тыңайтқыштарды ғылыми негізделген норманың – 50 %-ына дейін енгізу;
- 6) азық-түлік тауарларымен (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар) қамтамасыз етілу деңгейі кемінде 90 %;
- 7) 2030 жылы меншікті өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамтамасыз ету: алма – 100 %, шұжық өнімдері – 100 %, ірімшік пен сүзбе – 100 %, қант – 83 %, құс еті – 100 %;
- 8) агроөнеркәсіптік кешендегі өңделген өнімнің үлесі (сүт, ет, майлы дақылдар, күріш, жүгері, қарақұмық) – 70 %-ға дейін;
- 9) 2030 жылы АӨК экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнімдердің үлесі – 70 %;
- 10) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын 2020 жылмен салыстырғанда 3,5 есеге ұлғайту;
- 11) ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемін 4,2 есеге ұлғайту;
- 12) тамақ өнімдерін өндіруге негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемін 3,4 есеге өсіру;
- 13) ауыл, орман және балық шаруашылығындағы қадағаланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі – ЖІӨ-нің 0,5 %-ы;
- 14) ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамындағы эрозияға ұшыраған жерлердің алаңы 2030 жылы жердің жалпы алаңына пайыздық қатынаста – 28,4 млн га;
- 15) 2030 жылға қарай іске асырылған инвестициялық жобалар саны – 1525;
- 16) АӨК-тегі инвестициялық жобалар шеңберінде 2030 жылға қарай 44 мың жұмыс орнын құру (26,4 мың тұрақты және 17,6 мың уақытша);
- 17) ауыл халқының табысын арттыру тәжірибесін кеңінен тарату шеңберінде 2029 жылға қарай 350 мың жұмыс орнын құру;
- 18) 2030 жылы аяқталып АӨК-ге енгізілген, ғылыми әзірлемелер үлесі – 40 %;
- 19) 2030 жылға қарай су үнемдеу технологиялары (тамшылатып суару, жаңбырлатып суару) қолданылатын жердің ауданы – 1362,2 мың га;
- 20) 2030 жылға қарай тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық мал басының үлесі – 43 %.

#### Күтілетін нәтижелер

Логистика объектілері мен ұсақ өндірістерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін қажетті инфрақұрылым құру.

Ет, жеміс, көкөніс, қант, дәнді дақылдар, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу бойынша жеті ірі экожүйені қалыптастыру.

Пайдаланылмайтын учаскелерге салықтық жүктемені ұлғайта отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану. Егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру бойынша жұмыстарды жеделдету, топырақты мелиорациялау мен қалпына келтіру тәсілдерін жаңғырту.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кооперациясын дамытуды ынталандыру жөніндегі тетіктерді – өңірлік азық-түлік хабтарын енгізу.

Қазақстан Республикасының  
агроөнеркәсіптік кешенін  
дамытудың 2021 – 2030  
жылдарға арналған  
тұжырымдамасына  
қосымша

### Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

**Ескерту. Іс-қимыл жоспары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.02.2024 № 132 қаулысымен.**

Р/с №	Реформалардың/ негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқтау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
	Нысаналы 1-индикатор. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 2020 жылмен салыстырғанда 3 есеге арттыру: 2021 жылы – 112,0 %; 2022 жылы – 125,4 %; 2023 жылы – 152,9 %; 2024 жылы – 164,9 %; 2025 жылы – 176,2 %; 2026 жылы – 197,4 %; 2027 жылы – 221,1 %; 2028 жылы – 247,6 %; 2029 жылы – 277,3 %; 2030 жылы – 300,9 %.			АШМ, ҰЭМ, СРИМ, Қаржымині, ЦДИАӨМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)
	Нысаналы 2-индикатор. Бидай түсімділігі: 2021 жыл – 9,3 ц/га; 2022 жыл – 10,2 ц/га; 2023 жыл – 11,4 ц/га; 2024 жыл – 12,6 ц/га; 2025 жыл – 13,8 ц/га; 2026 жыл – 15,0 ц/га; 2027 жыл – 16,2 ц/га; 2028 жыл – 17,4 ц/га; 2029 жыл – 18,6 ц/га;			АШМ, ҰЭМ, СРИМ, Қаржымині, ЦДИАӨМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҰАҒББО" КеАҚ (

2030 жыл – 20,0 ц/га.	келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)			
<p>Нысаналы 3-индикатор. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейі, %:</p> <p>2023 жыл – 4,5 %;</p> <p>2024 жыл – 5,2 %;</p> <p>2025 жыл – 6,5 %;</p> <p>2026 жыл – 8 %;</p> <p>2027 жыл – 8,5 %;</p> <p>2028 жыл – 9 %;</p> <p>2029 жыл – 9,5 %;</p> <p>2030 жыл – 10 %.</p>	<p>АШМ, ӨҚМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҚазАгро Қаржы" АҚ (келісу бойынша)</p>			
